

тіркеу № 44
«29» наурыз 2016 ж.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2016 жылғы «29» ақпандағы
№ 77 қаулысымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік
басқару кодексі**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жалғыз акционерінің
шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күні	шешім №	тіркеу №
1	Жалғыз акционердің шешімі бойынша	«22» желтоқсан 2017ж.	№ 265	№ 165
2		«__»_____201_ж.	№ _____	№ _____
3		«__»_____201_ж.	№ _____	№ _____
4		«__»_____201_ж.	№ _____	№ _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жалғыз акционерінің
_____ жылғы «__»_____ № _____ шешімімен күшін жойды деп танылды.

Кіріспе

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі –Қор) жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қор коммерциялық емес ұйым (кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті өзінің акционерлерінің арасында бөлмейтін) болып табылады және өзінің акциялары бойынша дивидендтер төлемейді және есептемейді.

Осы Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) – Қор ішіндегі және нарықтың басқа да қатысушыларымен қарым-қатынастарда іскерлік әдептің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Қор өзінің қызметі үдерісінде басшылыққа алатын қағидалар мен ұсынымдардың жиынтығы.

Осы Кодексті қолданысқа енгізу мақсаты – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сөзсіз сақтау ғана емес, іскерлік қоғамдастықтың барлық қатысушылары үшін жалпы іскерлік мінез-құлықтың әдеп нормаларын қолдануға негізделген халықаралық танылған стандарттарға жауап беретін, корпоративтік мінез-құлықтың тиісті нормалары мен дәстүрлерін Қор қызметінің күнделікті тәжірибесіне қалыптастыру және енгізу.

Осы құжаттардың нормаларын ұстану тиісті корпоративтік басқару стандарттарын қалыптастыруға, сондай-ақ тәуекелдерді азайтуға, қаржылық көрсеткіштердің тұрақты өсуін қолдауға және өз қызметін табысты жүзеге асыруға бағытталған.

Кодекс корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибе ескеріле отырып жасалды және «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қор Жарғысы негізінде әзірленді.

Корпоративтік басқару –Қордың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерге Қордың қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін, акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің, басқарманың және өзге де органдары арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені болып табылатын Қорды стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі.

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ Қор қызметкерлері Қордың және жалғыз акционердің, клиенттердің алдындағы өз міндеттемелерін орындау кезінде Кодекстің ережелерін басшылыққа алады. Корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыру барысында корпоративтік мінез-құлық оған қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделуі және Қордың тиімді қызметіне, оның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға ықпал етуі тиіс.

1-тарау. Қордың корпоративтік басқару жүйесінің органдары

1. Қордың корпоративтік басқару және бақылау жүйесін құрайтын органдар:

- 1) Жалғыз акционер (жоғары орган);
- 2) Директорлар кеңесі (басқару органы);
- 3) Басқарма (атқарушы орган);
- 4) Ішкі аудит қызметі.

2. Қордың жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында белгіленген құзыреті шегінде Қордың қызметіне байланысты шешімдерді қабылдайды. Қор Басқармасы Қордың ағымдағы қызметіне басшылық етуге байланысты шешімдерді қабылдайды.

§ 1. Қордың жалғыз акционері

3. Жалғыз акционер Қордың жоғары органы (бұдан әрі –Акционер) болып табылады.
4. «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және Қор жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуі тиіс.
5. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қор Жарғысымен акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қор қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
6. Акционер Қордың ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қордың өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
7. Қорда Акционердің шешімімен Акционер шешімін есепке алу, тіркеу, сақтау және беру тәртібін регламенттейтін ішкі құжат бекітіледі.

§ 2. Қордың Директорлар кеңесі

8. Директорлар кеңесі Қордың басқарушы органы болып табылады.
9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қор қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
10. Қордың Директорлар кеңесінің құзыреті, оны сайлау және қызметін ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қор жарғысымен айқындалады.
11. Қордың Директорлар кеңесінің қызметіне:
 - 1) Қор қызметінің басым бағыттарын айқындау;
 - 2) Қордың қаржылық жағдайын және Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, бекітілген басым бағыттармен жүруді әділ бағалау;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысы мен Қордың ішкі құжаттарына сәйкес өзге де қызметтер жатады.
12. Қордың Директорлар кеңесі Қордың қаржы-шаруашылық қызметін тиімді бақылайды.
13. Қордың Директорлар кеңесі коммерциялық құпия және конфиденциалды болып табылатын ақпаратты қамтитын мәліметтерді анықтайды.
- 13-1. Директорлар кеңесі:
 - 1) Акционер және лауазымды адамдар деңгейінде мүдделердің ықтимал дауларын қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға, оның ішінде Қордың мүлкін теріс пайдалануына және мүддесі бар мәмілелерді теріс пайдалануға мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді;Қордағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.
14. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қор Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
15. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау рәсімі Акционерге айқын және анық болуы тиіс.
16. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау үдерісі Акционердің пікірі мен мүддесі ескеріліп іске асырылады.
17. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің мінсіз іскерлік беделі (кәсіпқойлықты, адалдықты растайтын фактілердің болуы, алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының болмауы, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы) болуы тиіс.

18. Қордың Директорлар кеңесіне тәжірибесі және нақты басшылық ету дағдысы бар кәсіпқойлар шақырылады.

19. Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адам болуы тиіс. Қордың Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде 30% (отыз пайызы) тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

20. Қордың Директорлар кеңесіне сайланған адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануы мүмкін.

21. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жеке адам ғана Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

22. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қорда төмендегі мәселелер жөнінде Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер.

Қордың ішкі құжаттарымен өзге де мәселелер жөнінде Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

23. Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

24. Қордың Директорлар кеңесінің комитетін Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Кодекстің 22-тармағында көрсетілген Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

25. Қордың Басқарма басшысы Қордың Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

26. Қордың Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Қордың Директорлар кеңесі бекітетін комитеттер туралы ережелерде анықталады.

27. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері жеке мүддесі бар шешімдерді қабылдау бойынша дауыс беруге қатыспағаны жөн. Сонымен қатар Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі корпоративтік хатшы арқылы осындай мүдде дерегі секілді оның пайда болу негіздемесін тез арада хабарлауы тиіс.

28. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарына белсене қатысу ұсынылады.

29. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі жеке мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесіне қарай Қор қызметі туралы конфиденциалды ақпаратты, Қордың коммерциялық (қызметтік) құпиясын құрайтын инсайдерлік ақпарат пен мәліметті жария етпеуі және пайдаланбауы тиіс.

30. Қордың акционері Қордың Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің нәтижелерін бағалайды.

§ 3. Қор Басқармасы

31. Қор Басқармасының іс-әрекет етуінің негізгі қағидаттары адалдыққа, парасаттылыққа, сақтыққа негізделеді.

32. Қор Басқармасы Қордың ағымдағы қызметіне басшылық жасайды және Қордың даму мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей ауыспалы экономикалық ахуалды ескере отырып, Қор қызметінің мәселелерін шұғыл шешеді.

33. Басқарма Директорлар кеңесімен бекітілген Қор саясаты мен стратегиясын, тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, бақылауға негізделген үдерістердің дамуын іске асыру үшін жауапты.

34. Басқарма Қордың Акционері, клиенттері (салымшылары/алушылары) және қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінеді және Қордың тұрақты ұзақ мерзімді дамуын және табыстылығын қамтамасыз ететін Қордың ағымдағы қызметіне басшылық ету бойынша міндеттерді адал және білікті орындауды өзінің басты мақсаты деп санайды. Қор Басқармасының жоғары іскерлік беделі болуы тиіс.

35. Осы мақсаттарға жету үшін Қор Басқармасы ең алдымен Қор мақсатын, стратегиясы мен саясатын іске асыру бойынша міндеттерді шешеді, сонымен қатар Қордың Акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін адал, уақытында және тиімді атқарады.

36. Қор Басқармасы қызметінің маңызды бағыты Қазақстан Республикасы заңнамаларының, оның ішінде еңбек және еңбекті қорғау туралы заңнамалардың талаптарын, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау болып табылады.

37. Қор Басқармасының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың Жарғысымен және ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

38. Қордың Басқармасы мүдделері мен Қор мүдделері арасындағы даудың туындауына әкеп соқтыратын іс-әрекеттер жасаудан алшақ болуы керек, ал осындай дау туындаған жағдайда, ол бұл туралы Қордың Корпоративтік хатшысы арқылы тез арада Қордың Директорлар кеңесіне хабарлауға міндетті.

39. Басқарма жеке пайдасына және үшінші тұлғалардың мүддесіне қарай Қор туралы конфиденциалды ақпаратты жария етуге немесе пайдалануға құқығы жоқ.

40. Қордың Басқарма қызметінің негізгі бағыттары:

1) Қордың Акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау;

2) Қордың жүйесі мен қызмет ету қағидасын анықтау және бекіту;

3) Қордың қаржылық жағдайының жай-күйін, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін бақылау;

4) жоспарлау;

5) ішкі еңбек тәртібін белгілеу.

41. Басқарма мүшелерін тағайындау кезінде Қордың Директорлар кеңесі осы лауазым үміткерлеріне қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды басшылыққа алады.

42. Қор Басқармасы мүшесінің лауазымына үміткерлердің мінсіз іскерлік беделі (кәсіпқойлықты, адалдықты, алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының болмауын растайтын фактілердің болуы) болуы тиіс.

43. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі Қордың Басқарма басшысы болып сайлануы мүмкін.

44. Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасы мүшелері қызметінің нәтижелерін бағалайды.

§ 4. Корпоративтік хатшы

45. Қордың органдары мен лауазымды тұлғалары Акционердің және клиенттердің (салымшылардың/алушылардың) құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді қатаң сақтауы, сондай-ақ Қордың Қазақстан Республикасы заңнамаларының ережелері мен нормаларымен, Қордың Жарғысы және басқа ішкі құжаттарының ережелерімен жүруі Қордың Корпоративтік хатшысы институтын енгізуді талап етеді.

46. Корпоративтік хатшы - Қордың Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының мүшесі емес Қор қызметкері, оны Қордың Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметі аясында Акционердің шешімдерін дайындауға, сонымен қатар Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге бақылау жасайды, Акционердің қарауына шығаратын

мәселелер бойынша материалдар және Қордың Директорлар кеңесінің отырысына материалдар әзірлеуді қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайды.

47. Қордың корпоративтік хатшысы Қордағы корпоративтік басқару жүйесін тиісті түрде іске асыруға көмек көрсетеді. Берілген өкілеттігі шегінде Корпоративтік хатшы Қордың Директорлар кеңесіне Қордағы корпоративтік дауды шешуге көмек көрсетеді.

48. Корпоративтік хатшының мәртебесі, қызметі, лауазымдық құқығы мен міндеті, жауапкершілігі және оның Қордың бөлімшелерімен өзара қарым-қатынасы Қордың Директорлар кеңесімен бекітілетін Қордың ішкі құжаттарында айқындалады.

§5. Қордың корпоративтік басқару органдарының өзара іс-қимылы

48-1. Қордың корпоративтік басқару органдарының өзара іс-қимылы:

- 1) Қорды басқарудың тиімді жүйесін іске асыруға;
- 2) Қордың жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің, клиенттерінің (салымшыларының/алушыларының) және өзге де мүдделі тұлғалардың мүдде теңгеріміне қол жеткізуге;
- 3) корпоративтік дау мен мүдделер дауын алдын алуға және реттеуге;
- 4) Қор органдарының және қызметкерлерінің Қор қызметінің стратегиялық мақсатына қол жеткізу үшін қажетті барлық іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз ететін, еңбек қызметін ынталандыруға;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының және Қордың ішкі құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

48-2. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы заңнамада, Қор Жарғысында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Акционердің мүддесін қозғайтын өз қызметі туралы уақтылы, дұрыс және толық ақпаратты Акционердің назарына жеткізуі тиіс.

Акционерге ұсынылатын ақпарат пен материалдар Акционердің қарауына шығарылатын мәселеге қатысты жүйеленген болуы және осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат қамтылуы тиіс.

Акционердің жылдық қарауына шығарылатын мәселе бойынша материалдар:

- 1) Қордың жылдық қаржы есептілігі;
- 2) Қордың жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Акционердің Қордың және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 4) Директорлар кеңесінің жылдық есебі соның ішінде қіретін Қордың жылдық есебі;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қор жарғысына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес өзге де ақпарат пен құжаттар қамтылуы тиіс.

48-3. Қордың Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметінен және Қордың бөлімшелерінен заңнамада және Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімде ақпарат пен есептерді алады.

48-4. Қордың Басқармасы өз қызметін жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметінен және Қордың бөлімшелерінен заңнамада және Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімде ақпарат пен есептерді алады.

48-5. Ішкі аудит қызметі Қордың барлық бөлімшелерінен, филиалдарынан және қызметкерлерінен Ішкі аудит қызметінің сұрау салуында көрсетілген мерзімде өз қызметін жүзеге асыру үшін қажет кез келген ақпарат пен құжаттарды алады.

2-тарау. Корпоративтік басқару қағидаттары

49. Корпоративтік басқару қағидаттары – бұл корпоративтік басқару жүйесінің құрылуына, жұмыс істеуіне және жетілдіру негізіне жататын бастапқы негіздер.

50. Қордағы корпоративтік басқару әділеттікке, адалдыққа, жауапкершілікке, есептілікке, ашықтыққа, кәсібилік пен біліктілікке негізделіп құрылады. Корпоративтік

басқарудың тиімді құрылымы Қор қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді талап етеді және Қордың табысты қызмет етуін, оның ішінде қаржылық тұрақтылықты қолдауға ықпал етеді.

51. Корпоративтік басқарудың негізін құрайтын қағидаттар:

- 1) Қор Акционерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 2) Қор клиенттерінің (салымшыларының/алушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 3) Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының Қорды тиімді басқару қағидаты;
- 4) Қордың қаржы-шаруашылық қызметін тиімді бақылау қағидаты;
- 5) Қордың қызметі туралы ақпаратты ашық, уақтылы және әділ ашу қағидаты;
- 6) заңдылық және әдеп қағидаттары;
- 7) әлеуметтік жауапкершілік және мүдделі тұлғалармен серіктестік қатынастарды дамыту қағидаты;
- 8) тиімді кадр саясаты қағидаттары;
- 9) корпоративтік дау мен мүдделер дауын реттеу саясаты.

52. Корпоративтік басқару қағидаттарына сүйену Қор қызметіне объективті талдау жүргізу үшін тиімді тәсіл табуға және сарапшылардан, қаржы консультанттарынан, рейтинг агенттіктерінен тиісті ұсынымдар алуға көмектеседі.

53. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы кәсіби қызметтің әдеп нормалары мен стандарттарын қатаң сақтауы, корпоративтік мәдениет құруы тиіс. Қордың Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының барлық мүшелері, сондай-ақ Қор қызметкерлері корпоративтік басқару үдерісіндегі өзінің рөлін жете түсінуі және осы үдеріске толық қатысуы тиіс.

§ 1. Акционердің құқығы мен мүддесін қорғау қағидаттары

54. Қор акционері Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қор Жарғысында көзделген құқыққа ие.

55. Басқарма Акционердің негізгі құқығын іске асыруды қамтамасыз етеді:

- 1) оларға тиесілі акцияларға иелік ету, пайдалану құқығы;
- 2) Қорға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және дәлелді жауап алу құқығы;
- 3) Қор органдарын сайлауға қатысу құқығы;
- 4) Қор қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Қор Жарғысында белгіленген тәртіппен Қордың қаржылық есептілігімен танысу құқығы;
- 5) тіркеушіден оның Қор акцияларына меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алу құқығы;
- 6) Қор Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығы;
- 7) Қордың өзге заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау құқығы;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын Қордың акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы.

56. Басқарма Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын ескере отырып, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және сайлау сияқты корпоративтік басқарудағы негізгі шешімдерді қабылдауға Акционердің тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

57. Акционердің Қорды басқаруға қатысу құқығын іске асыру үшін Басқарма мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, Қор Жарғысы мен Қордың ішкі құжаттары аясында Акционерге материалдар даярлау;
- 2) Акционерден Қорға Қор қызметінің мәселелері жөнінде түскен ұсыныстарды қабылдау және орындау;

3) өз құзыретінің шегінде Акционердің ұсыныстарын Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығару.

58. Қордың Директорлар кеңесі Акционердің назарына Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қор Жарғысында көзделген тәртіппен Қор Акционерінің мүдделерін қозғайтын Қордың қызметі туралы ақпаратты жеткізуі тиіс.

59. Қор Басқармасы Акционерге Қордың қаржы-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы дәйекті ақпарат береді.

60. Қордың Директорлар кеңесі Акционерге барынша ашық және негізді болуы тиіс ірі мәмілелер туралы дәйекті ақпарат береді.

61. Қор туралы толық және дәйекті ақпарат алу құқығы:

1) Акционердің қарауына шығарылатын әрбір мәселе бойынша толық ақпаратты Акционерге беру;

2) Акционерге берілетін жылдық есепке жыл бойы Қор қызметі қорытындысын бағалауға болатын қажетті ақпаратты қосу;

3) корпоративтік хатшы лауазымын енгізу арқылы іске асырылады.

62. Акционер өз құқықтарын жүзеге асырудың қандай шығын мен пайдаға әкеп соқтыратынын өз бетінше ескеруі және бағалауы тиіс.

§ 2. Клиенттердің (салымшылардың/алушылардың) құқығы мен мүддесін қорғау қағидаты

63. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз қор болғандықтан Қор қызметінің ерекшелігі сол оны жүзеге асыру барысында Қор салымшыларының/алушыларының сенімі үлкен рөл атқарады. Осыған байланысты Қордың корпоративтік мінез-құлық қағидаттарын қалыптастыру кезінде орнықты және сенімді қарым-қатынасты қолдау үшін салымшылардың/алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттілігін есепке алу маңызды сәт болып табылады.

64. Қор Қазақстан Республикасы заңнамасында, Қор Жарғысында көзделген салымшыларға/алушыларға қатысты өзіне алған міндеттемелерді адал және дұрыс атқарады, оның ішінде:

1) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тарту;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру;

3) зейнетақы жинақтарын және төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асыру;

4) салымшыға (алушыға) жылына кемінде бір рет, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұралатын күнге өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақы алмай ақпарат беру және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізуінің электронды және өзге де тәсілдерін қамтамасыз ету;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімде зейнетақы активтері есебінен Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында жариялау;

6) салымшыларға (алушыларға) зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша ақысыз консультациялық қызметтер көрсету;

7) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасын және Қордың зейнетақы қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болу;

9) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен салымшының/алушының зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару;

10) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен ерікті зейнетақы жарналары есебінен салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;

11) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты жариялау және өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

12) өзінің барлық салымшыларына (алушыларына) теңдей жағдайларды қамтамасыз ету.

65. Салымшылардың/алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қорға:

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген қызмет түрлерін қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

2) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануға;

3) өзінің қызметкерлеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада көрсетілетін қаржы көмегін қоспағанда, Қордың меншікті активтері есебінен өтеусіз негізде қаржы көмегін көрсетуге;

4) зейнетақы және (немесе) меншікті активтерді кепілге беруге;

5) акциялардан басқа, бағалы қағаздарды шығаруға;

6) қарыз қаражатын тартуға;

7) қарыздарды кез келген тәсілмен беруге;

8) кез келген түрдегі кепілдемелер мен кепілдіктерді беруге;

9) Қормен еңбек шарты жасалмаған тұлғаларды жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметі туралы мәселелер бойынша салымшыларға (алушыларға) ақысыз консультациялық қызметтер көрсету жөнінде міндеттерді орындау үшін тартуға;

10) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалар құруға және оның қызметіне қатысуға тыйым салынады.

§ 3. Қорды Директорлар кеңесі мен Басқармасының тиімді басқару қағидаты

66. Корпоративтік басқару тәжірибесі Қордың Директорлар кеңесінің Қор қызметін стратегиялық басқаруды жүзеге асыруын және оның тарапынан Қор Басқармасының қызметіне тиімді бақылау жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

67. Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қор Акционерінің, клиенттерінің (салымшыларының/алушыларының) мүдделерін барынша сақтау қағидаты негізінде құрылады және Қордың алға қойған міндеттерді тиімді орындауына бағытталған.

68. Қордың Директорлар кеңесі Қордың даму жоспарын бекітеді, сондай-ақ Қор қызметін тиімді бақылайды, Қор қызметінің басым бағыттарын, ішкі бақылау рәсімдерін бекітеді.

69. Қордың Директорлар кеңесі Қордағы мүдделер дауын реттеу бойынша тәртіпті, тәуекелдерді басқару бойынша тәртіпті регламенттейтін Қордың ішкі құжаттарын бекітеді. Қордың Директорлар кеңесі Қор Басқармасының қызметін бақылайды, Қордың басшы қызметкерлерінің функционалдық міндеттеріндегі ықтимал мүдделер дауына талдау жасайды.

70. Қордың Директорлар кеңесі Қор Акционерінің алдында өз қызметінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

71. Қордың Директорлар кеңесі, оның әрбір мүшесін қоса алғанда, Қор қызметі туралы ақпаратты ашу және ақпаратты жариялау бойынша жауапты болады және ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғауға және сақтауға міндетті.

72. Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар жұмысын бағалау және әділ сыйақы беру жүйесі Қор және оның Акционерінің мүддесіне орай олардың жұмысын ынталандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

73. Қордың Директорлар кеңесі Қордың Басқарма қызметіне бақылау жасайды.

74. Қызметіне кіріскен кезде Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі Қор алдындағы өз қызметіне қатысты міндеттемелерді қабылдайды.

75. Корпоративтік басқару тәжірибесі Қор Басқармасын Қордың ағымдағы қызметін саналы түрде, адал, тек Қор мүддесіне орай тиімді басқару мүмкіндігімен қамтамасыз етуге тиіс.

76. Қор Басқармасы Қор қызметін күнделікті басқаруды және оның Қорды дамыту жоспарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

77. Басқарма қызметі кәсібилік, әділдік, адалдық, парасаттылық, сондай-ақ Қор Акционерлері мен клиенттерінің (салымшылар/алушылар) мүдделерін барынша сақтау қағидаттары негізінде құрылады және Қордың Акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді.

§ 4. Қаржы-шаруашылық қызметті тиімді бақылау қағидаты

78. Қор жылдық қаржылық есептіліктің дәйектілігін тексеру әрі растау үшін Қормен немесе тиісті лицензиясы бар Акционермен мүлктік мүдделерге тәуелділігі жоқ кәсіби аудиторлық ұйымды жыл сайын шақырады.

79. Қорда Ішкі аудит қызметі жұмыс жасайды. Оның негізгі мақсаты – Қордың қаржы-шаруашылық қызметін бақылау және Қор қызметінің барлық көрінісі бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің баламалығы мен тиімділігін бағалау, Қордың Директорлар кеңесін Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің оларға жүктелген қызметтері мен міндеттерін орындауының жай-күйі туралы уақтылы және дәйекті ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Қор жұмысын жақсарту жөнінде ұтымды әрі тиімді ұсынымдар беру.

80. Қорды корпоративтік басқаруда тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру мен үйлестіру маңыздылығы ескеріле отырып, Қор құрылымында тәуекелдерді басқару (тәуекелдер деңгейін анықтау, өлшеу (бағалау) және оңтайландырудың қолданылатын жаңа әдістерінің тиімділігіне және әзірленуіне тұрақты түрде талдау жүргізу) бөлімшесі жұмыс істейді.

81. Қордың Директорлар кеңесіне бухгалтерлік және қаржылық есептілікті құру рәсімдерінің дұрыстығын, оның дәйектілігін бақылауға, тәуелсіз аудитор қызметін және Қорда қолданылатын ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауға көмек көрсету мақсатында Қордың Директорлар кеңесі жанында аудит жөнінде комитет құрылуы мүмкін.

§ 5. Қор қызметі туралы ақпаратты ашық, уақтылы және әділ ашу қағидаттары

82. Қордың ақпараттық саясаты Қор туралы ақпаратты еркін әрі ешбір қиындықсыз алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс және Қордың барынша негізді әрі ашық басқарылуын қамтамасыз етуге арналған.

83. Қор акционерінің корпоративтік ақпаратты (қызметтік, коммерциялық құпияны, конфиденциалдық мәліметтерді) қорғауға байланысты шектеулер ескеріле отырып, тиісті шешім қабылдау үшін қажетті Қор туралы ақпаратты еркін әрі ешбір қиындықсыз алу мүмкіндігі болуға тиіс.

84. Қор Қордың Жарғысында көзделген тәртіппен Қор қызметі туралы кез-келген ақпаратты, оның ішінде Акционердің мүдделерін қозғайтын корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жазбаша түрде, сондай-ақ ішкі (жарияланбайтын) ақпараттың конфиденциалдылығы мен оны ашудың тұрақты тетігіне сүйене отырып, осындай ақпаратты Қордың интернет-ресурсына орналастыру арқылы уақтында ашады.

85. Қаржылық есеп жүргізу және аудит өткізу:

- 1) толықтық және дәйектілік;
- 2) әділдік және тәуелсіздік;
- 3) кәсібилік және құзыреттілік;
- 4) жүйелілік және тиімділік қағидаттары бойынша жасалады.

86. Қордың жылдық қаржылық есептілігі аудиторлық ұйым тексергеннен кейін Акционердің шешімімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланады.

87. Қор туралы ақпаратты ашу ақпарат ашықтығы, Қор мүдделерін қамтамасыз ету мен құпияны сақтау туралы заңнама талаптарын орындау арасындағы қисынды теңгерім сақталған кезде жүзеге асырылады. Қорда конфиденциалды ақпарат тізбесі бекітілген.

88. Коммерциялық және қызметтік құпияның сақталуын қамтамасыз ету міндеті Қордың барлық қызметкерлерінде бар, ол қызметкерлердің еңбек шарттарында және лауазымдық нұсқаулықтарында қамтылған, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне де жүктелген.

89. Қор мүдделер дауының туындау мүмкіндігін шектеуге және ақпаратты теріс пайдаланылуына жол бермеуге күш салады.

90. Қор Басқармасы ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен дәйектілігі үшін жауап береді.

§ 6. Заңдылық және әдеп қағидаттары

91. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың іскерлік корпоративтік әдебінің жалпы ортақ қағидаттарына (дәстүрлеріне) және ішкі құжаттарына сәйкес қатаң әрекет етеді. Қордың ішкі құжаттары Қазақстан Республикасы заңнамасының және корпоративтік әдеп нормаларының талаптары негізінде әзірленеді.

92. Қорда Қор қызметі және қызметкерлерінің мінез-құлық стандарттарын айқындайтын Қор қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі бекітілді. Қор қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі Қордың барлық қызметкерлеріне олардың атқаратын лауазым деңгейіне қарамастан қолданылатын жалпы ортақ міндетті қағидалардан тұрады.

93. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері ішкі құжаттарды дайындау кезінде, клиенттермен (салымшылармен/алушылармен), қарсы агенттермен, іскер серіктестермен, мемлекеттік билік және басқару органдарымен қарым-қатынастарын ресімдеу кезінде Қор қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексінің ережелері ескеріледі.

§ 7. Әлеуметтік жауапкершілік қағидаты және мүдделі тұлғалармен серіктестік қатынастарды дамыту

94. Қор қоғам алдындағы бизнестің ортақ жауапкершілігінің негізгі қағидаттарын қолдайды және елдің және оның азаматтарының экономикалық дамуына ықпал жасайды. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы Акционер алдында өз қызметінің нәтижелері үшін, клиенттер (салымшылар/алушылар) алдындағы өз міндеттемелерінің тиісінше орындалуы және көрсетілетін қызметтердің сапасы үшін, іскер серіктестері алдындағы өз міндеттемелерінің тиісінше орындалуы үшін, қоғам мен мемлекет алдындағы жеке адамды, оның құқықтары мен еркіндігін құрметтеу үшін өз жауапкершілігін мойындайды.

95. Қор зейнетақы қызметтерін ұсыну, корпоративтік басқару саласында, қоғамдық өмірдегі өзге де салада қызметті жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамаларды талқылауға белсенді түрде ат салысады.

96. Корпоративтік басқаруды қалыптастыру кезінде мүдделі тұлғалармен тұрақты байланыс орнатуды қолдау мен дамытудың маңыздылығын мойындай отырып, Қор клиенттермен, іскер әріптестермен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара қарым-қатынасты өзара сенім мен құрмет, әділдік, кәсіпқойлық, берік міндеттемелер, қажетті ақпараттың толық ашылуы, сот талқылаулары алдындағы келіссөздердің басымдылығы қағидаттары негізінде құрады.

§ 8. Тиімді кадр саясаты қағидаты

97. Қордағы корпоративтік басқару Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қор қызметкерлерінің құқығын қорғау негізінде құрылады және әлеуметтік мәселелерді шешуде және еңбек жағдайын регламенттеуде Қор мен оның қызметкерлері арасындағы серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға бағытталуы тиіс.

98. Қорда жұмыс орындарының сақталуы, еңбек жағдайының жақсаруы және Қор қызметкерлерін әлеуметтік қорғау нормаларының сақталуы кадр саясатының негізгі сәттерінің бірі болып табылады.

99. Корпоративтік басқару еңбек ұжымында шығармашылық және қолайлы ахуалды орнату үдерісін ынталандыруы және Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ықпал етуі тиіс.

§ 9. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын реттеу саясаты

100. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері Қор қызметкерлері секілді өздерінің кәсіби қызметін мүдделер дауын болдырмай, Қордың, акционердің және клиенттердің (салымшылардың/алушылардың) мүддесі үшін адал және ақыл-парасатпен, барынша қамқорлықпен және сақтықпен атқарады. Олар өз қызметін тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен Кодекс қағидаттарына ғана емес, сонымен қатар іскерлік әдептің әдеп стандарттарына және жалпыға бірдей нормаларына толық сәйкес келуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі бекіткен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының орын алған әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатын басшылыққа алады.

101. Қатысушылар корпоративтік дау мен мүдделер дауы туындаған жағдайда, оларды Акционер мен клиенттердің (салымшылардың/алушылардың) құқықтарына, сондай-ақ Қордың іскерлік беделіне нұқсан келтірмей, тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жүргізу арқылы шешу жолын қарастырады.

102. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

3-тарау. Маңызды корпоративтік оқиғалар

103. Маңызды корпоративтік оқиғалар – Қор қызметіне елеулі өзгерістер әкелуі мүмкін бірқатар оқиғалар. Елеулі корпоративтік оқиғалардың маңыздылығы оларды іске

асыруда ашықтық пен сенім білдіру ахуалын жасау, оларды жүзеге асырудың қарапайым және ашық рәсімін белгілеу қажеттілігін айқындайды.

104. Маңызды корпоративтік оқиғаларға бірінші кезекте Қорды қайта ұйымдастыру, ірі мәмілелер жасау, жарғылық капиталдың ұлғаюы, Қор Жарғысына өзгерістер енгізу және Қор үшін шешімі түбегейлі болатын бірқатар басқа да мәселелер секілді іс-әрекеттерді жатқызуға болады

105. Қорды қайта ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қор Жарғысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

106. Қордың Директорлар кеңесі Акционерге және мүдделі тұлғаларға Қорды қайта ұйымдастыру және жою қажеттілігінің толық негіздемесін беруге міндетті.

4-тарау. Ақпаратты ашу

107. Ақпаратты ашу Қордың сенімділігі мен тұрақтылығын қолдауға әсер ететін Қордың жақсы беделін қалыптастыруды қамтамасыз етуге арналған.

108. Ақпаратты ашу жүйесі Қор туралы ақпараттың барынша қолжетімділік қағидаттарын қанағаттандыруға және заңнамамен Қордың корпоративтік (ішкі) ақпаратының және зейнетақы жинақтарының құпиясына жатқызылған ақпаратты толық қорғауға тиіс.

109. Қор Акционерге, клиенттерге (салымшыларға/алушыларға) және өзге де мүдделі тұлғаларға Қор туралы дәйекті және шынайы ақпарат берудің маңыздылығын мойындайды.

110. Ақпарат беру жылдамдығы, осындай ақпараттың Акционерге, клиенттерге (салымшыларға/алушыларға) және өзге де мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуы, оның мазмұнының дәйектілігі мен толықтығы, Қордың ашықтығы мен оның мүдделерін сақтау арасындағы дұрыс теңгерімді сақтау Қор туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары болып табылады.

111. Ақпаратты тарату арналары мүдделі тұлғалардың ашылатын ақпаратты еркін және дұрыс алуын қамтамасыз ететіндей таңдалады.

112. Қор қызметінің мәселелері жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тарта отырып, Қор түрлі баспасөз-конференцияларын тұрақты түрде өткізеді, сонымен қатар ғаламтор ресурсын қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарына ақпараттық материалдар мен жарияланымдарды орналастырады.

113. Қор акционері үшін, сол секілді клиенттері (салымшылар/алушылар) үшін де Қор қызметі туралы қаржылық ақпарат маңыздырақ. Қор жылдық қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жариялайды.

114. Ақпараттың қолжетімділігімен қатар Қор корпоративтік (ішкі) ақпараттың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді.

115. Қор коммерциялық немесе қызметтік құпияны құрайтын ақпарат тізбесін, осындай ақпаратқа қолжеткізу талаптарын, сондай-ақ оны пайдалану мүмкіндігін Қордың ашықтығы мен оның мүдделеріне зиян келтірмеуге ұмтылуының арасындағы дұрыс теңгерімді сақтау қажеттілігін есепке ала отырып анықтайды.

116. Қордың Директорлар кеңесі Қордың конфиденциалды ақпараттар тізбесін бекітеді.

117. Қор өзіне конфиденциалды ақпаратты жарияламау туралы міндеттеме қабылдайды. Конфиденциалды ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету міндеті Қор Акционерінің, лауазымды тұлғаларының (басқарушы қызметкерлерінің) және қызметкерлерінің мойнында.

118. Қорда қызметтік және ішкі ақпаратты пайдалануды бақылаудың тиімді жүйесі әзірленді және қолданылады, атап айтқанда, Қорда қызметкерлердің еңбек қызметін орындау уақытында конфиденциалды деп танылған ішкі (қызметтік) ақпаратты жарияламау туралы

міндеттемеге қол қоюы көзделеді, сондай-ақ олардың Қордағы еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін аталған ақпаратты жарияламау уақыты белгіленеді.

5-тарау. Ішкі бақылау

§ 1. Ішкі бақылау жүйесі

119. Қор қызметіне ішкі бақылаудың бірде-бір жүйесі күтпеген шығындарға әкелетін оқиғаларды болдырмауға кепілдік бере алмайды. Сонымен бірге, Қорда ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру аталған ықтимал шығындарды азайтады.

120. Ішкі бақылау қаржылық және операциялық тәуекелдерді, сонымен қатар лауазымды тұлғалар тарапынан жасалатын қиянаттарды шұғыл анықтауға, алдын алуға және шектеуге мүмкіндік береді. Осылайша, тиісінше ұйымдастырылған ішкі бақылау Қор шығыстарын қысқартады және оның қорларын тиімді басқаруға ықпал етеді.

121. Қордағы ішкі бақылау жүйесі мынадай мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылады:

1) Қор қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігі, бұл Қор активтерін басқарудың тиімділігі мен табыстылығын тексеруді және ықтимал шығындарды айқындауды болжайды;

2) қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі, толықтығы және уақтылы болуы. Аталған мақсат дәйекті және сапалы қаржылық есептіліктің жасалуын және Қор шешімдерді қабылдау кезінде пайдаланатын басқа да қаржылық құжаттарды тексеруді көздейді.

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, бұл Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ Қордың ішкі саясаты мен рәсімдерін анықтайтын құжаттардың талаптарын орындауын тексеруді көздейді.

122. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы баламалы ішкі бақылау жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және Қор қызметкерлерінің ішкі бақылау саласында өз міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды.

123. Қор өзінде ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жұмысын жалғастыра береді. Бақылау Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге, қаржылық және операциялық тәуекелдерді ескертуге, анықтауға және шектеуге, қаржылық ақпараттың дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

124. Қордың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі: ішкі бақылау ортасы, тәуекелдерді және бақылау нысандарын сәйкестендіру, бақылау рәсімдері, ақпараттық қызмет көрсету, мониторинг деген бес түрлі негізгі бөлікке бөліне отырып қарастырылады.

125. Ішкі бақылау жүйесінің болуы тәуекелдерді азайтуға ықпал ететін Қордың баламалы ұйымдық құрылымының болуын, Қордың корпоративтік мәдениетінің бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау туралы Қор қызметкерлерінің хабардарлығын арттыруды білдіреді. Ішкі бақылау ортасы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін ішкі құжаттар жүйесінің болуымен анықталады.

§ 2. Тәуекелдерді басқару жүйесі

126. Тәуекелдер мен бақылау нысандарын сәйкестендіру тәуекелдер мен бақылау нысандарын уақтылы анықтаудың (сәйкестендірудің) үздіксіз барысын ұйымдастыруды, оларды сипаттауды, өкілеттіктер пен жауапкершіліктерді бөле отырып, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын анықтауды, сонымен қатар нақты өлшемдерді анықтауды білдіреді.

127. Бірыңғай ішкі бақылау жүйесін құрайтын тиімді бақылау рәсімдерінің болуы тәуекелдерді басқарудың негізгі әдісі болып табылады. Ішкі бақылау рәсімдері барлық бизнес-процестерді жүзеге асыру кезінде міндетті элемент болып табылады. Әрбір бизнес-процес шеңберіндегі ішкі бақылау жүйесі Қордағы барлық қызмет түрлерінің ішкі құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі, құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттердің бөлінуіне кепілдік беруі тиіс.

128. Ақпараттық қызмет көрету Қор қызметін бағалау және шешімдер қабылдау үшін дәйекті, нақты, уақтылы, қолжетімді және толық ақпарат беру мақсатында Қор қызметін қамтитын сенімді және қорғалған ақпараттық жүйелердің, байланыс арналарының болуын білдіреді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін іске асыру аясында ақпараттық жүйелерді тұрақты тексеру мен қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

129. Тәуекелдер мониторингі үрдісі Қор қызметін басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін Қордың тиісті бөлімшесі ішкі аудит аясында жиі-жиі тексеруге тиіс.

130. Тәуекелдерді басқарудың Қордағы ішкі бақылау жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатынын назарға ала отырып, Директорлар кеңесі, Қор Басқармасы тәуекелдерді басқару бойынша рәсімдерді бекіту кезінде жалпы алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен Қор Жарғысының ережелері сақталған жағдайда, Қор үшін тәуекелдер мен кірістілік арасындағы оңтайлы теңгерімге қолжеткізуге ұмтылады.

131. Қор Басқармасы, тәуекелдерді басқару бөлімшесі мен басқа да бөлімшелер өздерінің құзыреті шегінде Қор қызметкерлерінің (оның ішінде - басқарушылардың) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі құжаттарының талаптарын орындауын бақылайды. Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде ұшырайтын тәуекелдерді Қордың Акционері мен салымшылары/алушылары өздеріне қабылдайды. Сондықтан, тәуекелдерді бағалауға және осындай тәуекелдердің жағымсыз салдарын барынша азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылуын бақылау Қордың Директорлар кеңесінің маңызды міндеті болып табылады.

132. Қордың тәуекелдерді басқару жүйесі мынадай қағидаттарға сүйенеді:

1) бағалау еркіндігі. Еркіндік Қордың тәуекелдерді басқару бөлімшесіне Қор тәуекелін әділ бағалауға, ақпаратты басшылық пен төрелік органдарға жеткізуге және бизнес-шешімдерді қабылдау барысына ықпал етуге мүмкіндік беретін Қордың ұйымдық құрылымы мен шешімдер қабылдау барысын құруды білдіреді.

2) ашықтық. Ашықтық тәуекелдерді басқарудың құрылымдық бөлімшесінде бизнес шешімдерді барынша тиімді қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді бағалау, талдау және мониторингі үшін Қор қызметі жөніндегі толық ақпаратты толық алу мүмкіндігінің болуын білдіреді;

3) есеп берушілік. Есеп берушілік қағидаты тәуекелдерді тиімді бақылау мен мониторингін қамтамасыз ету үшін көлденең және тік деңгейде тәуекелдің барлық түрі бойынша есептілік нысанындағы жеделдік, жүйелілік, стандартталуды қамтиды; Қордың Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуекелдер бойынша және Қор басшылығы үшін белгіленген лимиттерді сақтау бойынша есептілікті дайындайды және береді;

4) рәсімдер мен лимиттерді тұрақты жаңарту және қарастыру. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тұрақты негізде Қор ұшыраған ішкі және сыртқы тәуекелдерді нақты сандық және сапалық жағынан бағалауды қамтамасыз ету үшін қаржылық көрсеткіштерді, қабылданған әдістерді, белгіленген лимиттерді қайта қарайды.

5) өлшемділік. Бұл қағидат өлшеуге келмейтін басқаруға келмейді деген түсінікке негізделген. Бір мезгілде тәуекелдерді сандық және сапалық бағалау қолданылады, бұл ретте тәуекелдерді барынша әділ бағалау үшін сандық бағалау негізгі болып табылады.

6) түрлендіру. Түрлендіру тәуекелдерді барынша азайту үшін негізгі қағидат болып табылады және әртүрлі құралдар түріне, валюталарға, өңірлерге, салаларға және т.б. үлестіру есебінен тәуекелдерді азайтуды білдіреді;

7) құжаттандыру. Тәуекелдерді басқару бөлімшесі мен бизнес процестерге жауап беретін бөлімдер Қор ұшыраған барлық тәуекелдерді бағалайды. Тәуекелдерді дұрыс анықтаудағы рөлі мен жауапкершілігін және тәуекелдер өлшемін, тәуекелдерге лимиттердің белгіленуін және олардың мониторингін, барлық тәуекелдер бойынша есептілік пен мақұлдауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі барлық қызмет анық және құжатталған болуы керек.

8) өкілеттіктерді шектеу. Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өздерінің бөлімшелері ұшырайтын тәуекелдерді басқаруға жауапты болады. Бұл ретте, тәуекелдерді басқару бөлімшесі бүкіл Қордың барлық қызметі деңгейінде тәуекелдерге тәуелсіз талдау жасайды.

9) экономикалық мақсатқа лайықтылық. Тәуекелдерді бақылау шараларының құны Қордың осы тәуекелден болуы ықтимал шығындар шамасынан азырақ болуы тиіс. Тәуекелдерді басқару барысы экономикалық нәтижеге жетуге, яғни ықтимал шығындарды барынша зайтуға бағытталған.

§ 3. Ішкі аудит

133. Қор қызметіне ішкі аудитті Қордың тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Ішкі аудит қызметі жүргізеді. Ішкі аудит қызметі тікелей Қордың Директорлар кеңесіне бағынады және өз қызметі туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган бекіткен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидасын басшылыққа алады.

134. Қордың қаржы-шарушалық қызметін бақылау және Қор қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің баламалылығын және тиімділігін бағалау, Қордың құрылымдық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің өздеріне жүктелген қызметтері мен міндеттерін орындауының жай-жапсары туралы уақтылы және дәйекті ақпаратпен Қордың Директорлар кеңесін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қор жұмысын жақсарту жөнінде ұтымды әрі тиімді ұсынымдар беру ішкі аудит қызметінің мақсаты болып табылады.

135. Қордың ішкі аудит қызметінің тексерістер жүргізу тәртібі Қор қызметін бақылаудың тиімді тетігін қамтамасыз етеді.

136. Тексерістер жүргізу рәсімін ретке келтіру мақсатында Қордың Директорлар кеңесі ішкі аудиттің өткізілуін ұйымдастыруды, ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспарларын реттейтін Қордың ішкі құжаттарын бекітеді.

§ 4. Сыртқы аудит

137. Жасалған қаржылық есептіліктің дәйектілігі мен әділдігі жөнінде тәуелсіз пікір алу мақсатында Қор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сыртқы аудит өткізеді.

138. Қордың қаржылық есептілігін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін тексеру және Қордың жасалған қаржылық есептілігінің, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің дәйектілігі мен әділдігі жөнінде тәуелсіз пікір алу тәуелсіз аудитордың тексеру мақсаты болып табылады.

139. Қор бухгалтерлік есептіліктің дәйектілігін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін аудиторлық тексеруді қаржылық бақылаудың маңызды бір бөлігі деп қарайды. Жылдық қаржылық есептіліктің дәйектілігін тексеру және растау, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бағалау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қор Жарғы ережелеріне сай бәсекелі іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Қор таңдау талаптарын беделі жоғары

және компанияларға аудиторлық тексерістер жүргізуде айтарлықтай тәжірибесі бар жоғары кәсіби аудиторлық ұйымды тартуды қамтамасыз ететіндей жасайды.

140. Аудиторлық ұйым (сыртық аудитор) қажеттілігіне қарай Қор Акционерінің аудиторлық қорытындыларын қарау үшін шақырылуы мүмкін және Акционер қойған кез келген сауалға жауап береді.

6-тарау. Қордың клиенттерімен (салымшыларымен/алушылармен) өзара қарым-қатынасы

141. Қор клиенттерге (салымшыларға/алушыларға) қатысты өзіне алған міндеттемелерді адал және ақылмен мұқият орындайды және ұсынылатын қызметтердің жоғарғы сапасын қамтамасыз етуге тырысады, салымшылармен/алушылармен сыпайы, адал және ашық жұмыс жасайды. Қор үнемі сапаны жақсарту, сонымен қатар көрсетілетін қызметтер шоғырын ұлғайту үшін жұмыс жасайды және туындайтын дау мен қиындықтарды уақтылы әрі мұқият қарайды.

142. Қор өз қызметінде өзінің қаржылық жағдайы, Қор қызметі туралы дәйексіз және бұрмаланған ақпараттың берілуіне жол бермейді.

143. Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес зейнетақы жинақтарының құпиясын құрайтын ақпараттың қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде барлық шараларды қабылдайды. Мұндай ақпаратты тек Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және көлемде ғана ашуға болады.

144. Қор салымшыларды/алушыларды қызметінің көрсеткіштерімен таныстыру мақсатында қаржылық есептілігін және өз қызметі туралы басқа да ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

7-тарау. Кадр саясаты

145. Корпоративтік басқару жүйесі еңбекті және қызметкерлердің денсаулығын қорғау, еңбекақы төлеу, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасын қатаң орындауға ықпал жасауға арналған.

146. Қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін көтеру Қор қызметінің бір артықшылығы болып табылады.

147. Қор еңбек ұжымында жақсы және шығармашылық ахуалдың қалыптасуына барынша ықпал жасайды.

8-тарау. Корпоративтік дау мен мүдделер дауы

148. Қорда корпоративтік дау мен мүдделер дауын алдын алу және реттеу Акционер, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер құқығының тең шамада сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді және Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделін қорғайды.

149. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын алдын алу және реттеу Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасын нақты әрі шүбәсіз сақтауына ықпал етеді.

150. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын сотқа дейін реттеу туралы төменде көрсетілген ережелер құқықтары бұзылған тұлғаларға сот органдарына жүгінуге кедергі жасамайды.

§ 1. Жалпы ережелер

151. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын алдын алу мен реттеу бойынша жұмыстың тиімділігі, егер олар Қорда туындаса немесе туындауы мүмкін болса, осындай дауды толық және жедел анықтауды, Қордың барлық органдарының іс-әрекеттерін нақты үйлестіруді барынша болжайды.

152. Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Қор Басқармасы өздерінің қызметкерлері сияқты кәсіби қызметтерін адал және парасатпен Қордың, оның Акционерінің және клиенттерінің (салымшылар/алушылар) мүддесіне қарай мүдделер дауына жол бермей орындайды.

153. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын алдын алу мен реттеу бойынша Қор жұмысының тиімділігі олардың қаншалықты жылдам қаралуына байланысты болады. Сондықтан Қорға барынша қысқа мерзімде даудың маңыздылығына қарай өз ұстанымын анықтауға, тиісті шешім қабылдап, оны Акционердің назарына жеткізуге кеңес беріледі.

154. Қор орын алған және әлеуетті мүдделер дауына қатысты олардың туындауын алдын алу және оларға мұқият болу қағидатын ұстанады. Қор мүдделер дауы орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Қордың ішкі құжаттарын сақтауды ұстанады.

155. Қордың Акционердің талаптарын қанағаттандырумен келісуі Акционердің Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Жарғымен немесе Қордың басқа да ішкі құжаттарымен көзделген қандай да бір іс-әрекеттерді жасау қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайда Қордың Акционерге берген жауабында осындай талаптарды толық көрсету, сонымен қатар олар орындау үшін қажетті ақпаратты хабарлау ұсынылады.

156. Акционер мен Қор арасында міндеттемелері бойынша дау туындамаған жағдайда, бірақ олардың орындалу тәртібі, тәсілі, мерзімі және басқа да талаптары туралы келіспеушіліктер туындағанда, Қорға туындаған келіспеушіліктерді реттеу және Қор Акционердің талаптарын қанағаттандыруға дайын талаптарын баяндау ұсынылады.

157. Қор бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері өз қызметіндегі әлеуетті мүдделер дауын алдын алу, мүдделер дауын дер кезінде анықтау және оларды жою үшін шара қолдануы қажет.

§ 2. Корпоративтік дау мен мүдделер дауын қарау бойынша Қор органдарының жұмыс тәртібі

158. Қатысушылар корпоративтік дау туындаған жағдайда Акционердің құқықтары мен Қордың іскерлік беделін тиімді қорғау мақсатында, оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді.

159. Қор Басқармасы Қор мен Қор Басқармасы мүшелерінің арасында туындайтын кез келген мүдделер дауын болдырмауға тырысады.

160. Мәміле жасау туралы шешім қабылдау кезінде мүдделер дауы орын алған жағдайда, аталған мәмілені Қордың Директорлар кеңесі қарайды.

161. Корпоративтік дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар қатаң түрде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шешіледі.

162. Басқарма Қордың атынан Қордың басқа органдарының құзыретіне жатпайтын шешімдерді қабылдау мәселелері бойынша корпоративтік дауды реттеуі тиіс, сонымен қатар корпоративтік дауды реттеу жұмысын жүргізу тәртібін дербес анықтауы қажет.

163. Қор Басқармасының Төрағасы және оның мүшелері Қорға және оларға маңызды болып көрінген әлеуетті немесе туындаған қандай да бір мүдделер дауы туралы дереу хабарлауға міндетті. Мәміле жасауға мүдделі тұлға болып табылатын Қор Басқармасының мүшесі туындаған (әлеуетті) мүдделер дауы туралы бар ақпаратты қамтитын хабарламаны Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді.

164. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері қандай да бір туындаған немесе әлеуетті мүдделер дауы туралы Қордың Директорлар кеңесіне дереу хабарлауға міндетті.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі оның Қормен мүдделер дауы орын алған мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспайды. Қордың Директорлар кеңесі мен Қор арасында мүдделер дауын тудырған барлық мәмілелер оны Қордың Директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін ғана жасалуы мүмкін.

165. Қордың Директорлар кеңесі оның құзыретіне жатқызылған мәселе, оның ішінде Қор Басқармасына қатысты мәселе бойынша (мысалы, егер даудың мәні Басқарманың әрекеті (әрекетсіздігі) немесе олар қабылдаған актілер болса) корпоративтік дауларды реттеуді жүзеге асырады.

166. Корпоративтік дауды бағалау дұрыстығын қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында, дауда мүдделері қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін тұлғалар корпоративтік дауды реттеуге қатыспауы тиіс.

167. Егер дау қандай да бір өзінің даму кезеңінде Қор Басқармасы мүддесін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін болған жағдайда, онда оны реттеуді Қордың Директорлар кеңесіне беру қажет. Дауда мүдделері қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін Директорлар кеңесінің мүшелері осы дауды шешу жұмыстарына қатыспауы тиіс.

168. Қордағы өкілеттігі негізінде дауларды шешуге қатысуға міндетті тұлға өзіне мәлім болған сәттен бастап оның мүддесі қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін дау туралы тез арада хабарлауы тиіс.

169. Берілген өкілеттігі шегінде Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесіне корпоративтік дауды шешуге көмектеседі.

9-тарау. Салымшылардың (алушылардың) шағымдарын қарау тәртібі

170. Заңды немесе жеке тұлғалардың (бұдан әрі – мүдделі тұлға) Қорға өтінішпен (сұраныс) жүгінуі қажет болған жағдайда, мүдделі тұлға Қордың Басқарма Төрағасының немесе Қор филиалы директорының атына жазбаша өтініш (сұраныс) жібереді.

171. Қажет болған жағдайда, Қор мүдделі тұлғадан өтінішті (сұранысты) қарау үшін, құжаттарды ұсыну мерзімін көрсете отырып, қажетті қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Егер сұратылған құжаттар көрсетілген мерзімде берілмеген жағдайда, Қор өтінішті (сұранысты) қолда бар құжаттар негізінде қарауға немесе өтінішті (сұранысты) қараудан дәлелді бас тарту жолдауға құқылы.

172. Сұраныс сұраныстың мәні жазбаша жазылған түрінде қабылданады.

173. Сұранысқа берілген сұранысты растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілуі қажет.

174. Сұраныс төмендегілер туралы ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) заңды тұлға үшін – толық атауы;
- 3) жауап жіберу үшін заңды/нақты мекенжайы.

175. Сұраныста мүдделі тұлғаның тегі (ұйым үшін - атауы), пошталық мекенжайы және қолтаңбасы болмаса, бұркемелі болып есептеледі және ол Қорда қаралмайды.

176. Сұраныстарды қабылдау және тіркеу Қордың іс қағаздарын жүргізу бойынша ішкі құжаттарында көзделген жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.